

"Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу және сайлаушылармен кездесуі үшін барлық кандидаттарға үй-жайлар ұсыну туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 321 әкімдік қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 325 қаулысы

"Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындарды белгілеу және сайлаушылармен кездесуі үшін барлық кандидаттарға үй-жайлар ұсыну туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 321 Рудный қаласы әкімдігі қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5432 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 наурызда "Рудненский рабочий" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Рудный қаласы әкімі аппаратының басшысы А.Қ. Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Рудный қаласының әкімі

Б. Фаязов